BULANDY AQPARAT

БҰЛАНДЫ АУДАНЫ

№ 48 (394)
01.12.2023

Аудандық қоғамдық-саяси газет
Районная общественно-политическая газета

# Ардақ Смайылов аудан әкімі болып тағайындалды

ҚР Президенті Әкімшілігінің және аудандық мәслихат депутаттарының келісуі бойынша Ақмола облысы әкімінің өкімімен Ардақ Смайылов Бұланды ауданының әкімі болып тағайындалды.



Ардақ Дулатұлы Смайылов, 1969 жылы Алматы қаласында дүниеге келген. «Агрономия», «қаржы және кредит», «заңтану» мамандықтары бойынша үш жоғары білімі бар.

1994 жылғы тамыздан бері кеден органдарында жауапты қызметтер атқарды.

2015 - 2017 жылдары Алматы облысы әкімінің аппаратында талдау бөлім меңгерушісі, 2020 жылғы қазанға дейін Алматы облысы әкімінің кеңесшісі болып істеді.

2020- 2022 жылдары - Бурабай ауданы әкімі аппаратының басшысы.

2022 жылғы қыркүйектен бері Бұланды ауданы әкімінің орынбасары лауазымын атқарды.

**Бұланды ауданы әкімдігі.**

* * *

# Ардак Смаилов назначен акимом района

По согласованию с Администрацией Президента и депутатами районного маслихата распоряжением акима Акмолинской области Ардак Смаилов назначен акимом Буландынского района.

Ардак Дулатович Смаилов, 1969 года рождения, уроженец г. Алматы. Имеет три высших образования по специальностям «агрономия», «финансы и кредит», «юриспруденция».

С августа 1994 года занимал ответственные должности в таможенных органах.

С 2015 по 2017 годы работал заведующим аналитическим отделом аппарата акима Алматинской области, затем до октября 2020 года - советник акима Алматинской области.

С 2020-2022 годы - руководитель аппарата акима Бурабайского района.

С сентября 2022 года занимал должность заместителя акима Буландынского района.

**Акимат Буландынского района.**

# Труженикам сельского хозяйства – заслуженный почет и особое уважение

Работников сельскохозяйственного производства: всех, кто трудится в аграрной сфере страны, чествовали на областном уровне, на торжественном мероприятии, посвященном Дню работника сельского хозяйства, которое состоялось в главном очаге культуры региона - Дворце культуры «Кокшетау» с участием акима Акмолинской области Марата Ахметжанова.

Уже вошло в традицию по завершению сельскохозяйственных осенних работ подводить итоги, благодарить ряд акмолинцев, внесший значительный вклад в развитие сельского хозяйства, вручить им награды и памятные подарки. Да, несомненно, нынешний сельскохозяйственный год был сложным, погодные условия внесли большие коррективы в темпы работ и результативные показатели. Однако, сельчане не привыкли идти по легкому пути, они всегда с огромной стойкостью и, присущей им особенной жизненной энергией, преодолевали трудности, что встречались им на пути.

В торжественном мероприятии приняли участие представители крупных сельхозформирований области, ветераны агропромышленного комплекса, специалисты отрасли.

В фойе Дворца культуры была организована выставка, где вниманию виновников торжества и гостей праздника была представлена продукция перерабатывающих сельскохозяйственных предприятий региона.

В своей приветственной речи Марат Ахметжанов подчеркнул стратегическую роль отрасли сельского хозяйства в экономике, где именно каждодневный труд на земле является надежным гарантом продовольственной безопасности населения в целом.

«Мы являемся одним из ведущих сельскохозяйственных регионов, который ежегодно производит четверть высококачественной продовольственной пшеницы страны. Агропромышленный комплекс динамично развивается, демонстрирует хорошие результаты. В сложных условиях этого года, благодаря вашему самоотверженному труду наша область собрала более 3-х млн. тонн зерна. Это позволило в полном объеме обеспечить нашу внутреннюю потребность. В области наблюдаются положительные изменения в вопросах развития животноводства. Объем валовой продукции хозяйства ежегодно увеличивается, но несмотря на это мы должны уделять особое внимание развитию этой отрасли»,- подчеркнул руководитель области.



Отметим, что для модернизации производства сельхозпроизводители ежегодно приобретают более 2-х тыс. единиц современной высокопроизводительной техники.

Основным приоритетом для области является создание новых и расширение действующих мощностей молочно-товарных и мясных ферм.

В рамках увеличения объемов производства в регионе реализуется 71 инвестиционный проект на сумму порядка 300 млрд. тенге, что позволит увеличить производство мясных изделий, сырого молока, растительного масла, муки и крупяных изделий.

В ходе мероприятия представители сельхозформирований получили награды за вклад в развитие сельского хозяйства. Среди них – медали «Еңбек ардагері», «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі», почетными грамотами, а также благодарственными грамотами Премьер – Министра РК, председателей Сената и Мажилиса РК, акима области.



Торжественное мероприятие завершилось праздничным концертом с участием коллективов художественной самодеятельности.

Отрадно отметить, что в числе получивших награды из рук главы региона есть наши земляки – представители аграрной отрасли Буландынского района.

Так, в номинации «Лучшее социально-ответственное предприятие» было награждено ТОО «Журавлевка-1». Известно, что данное предприятие участвует в жизни сел, в которых в настоящее время работает. Сельчане обеспечиваются стабильными рабочими местами, оказывается социальная поддержка, предприятие помогает реализации важных социальных проектов на селе. В Номинации «Значимый инвестиционный проект 2023 года» была награждена ТОО «Макинская птицефабрика». Не секрет, что открытие птицефабрики дало мощный импульс экономике района. Это и тысячи новых рабочих мест, и социальная ответственность бизнеса, и участие предприятия в социально-экономической жизни района. Благодарственное письмо за подписью Председателя Сената Парламента РК Маулена Ашимбаева за вклад в развитие отечественной отрасли сельского хозяйства была награждена депутат областного маслихата, директор ТОО «ХПП Арна», имеющая большой стаж работы в сфере АПК, Клара Мендыбаева. В почетной номинации «Человек Труда» аграрного производства награду получил бригадир полеводческой бригады ТОО «Партизанка-1» Айдарбек Алпысбаев, имеющий стаж работы в аграрном секторе - 40 лет.

Хотелось бы еще раз поздравить наших почетных тружеников сельскохозяйственного производства, пожелать мирного солнечного неба, хороших и щедрых урожаев, плодотворной работы и успехов в нелегком труде!

**А. АМАНЖОЛОВА (по материалам сайта акима Акмолинской области).**

# Человек труда: 40 лет в сельском хозяйстве



Человек труда в аграрном производстве – личность, которая вызывает большое уважение. Ведь эта отрасль сложная и требует ответственного отношения к работе. Зачастую приходится работать ненормированно, чтобы успеть в срок провести посев, а также во время уборочных работ. Каждый, кто трудится в сельском хозяйстве, знает, что от его усердия зависит успех всей аграрной кампании.

Айдарбек Алпысбаев родился в 1966 году в многодетной семье, с детства был приучен к труду. Помогал родителям, всегда знал цену труду и хлебу. Айдарбек Балташевич с 1983 года работает в сельском хозяйстве, пришел в сферу молодым пареньком, а сегодняшний его трудовой стаж составляет 40 лет. С 2000 года по настоящее время он является бригадиром полеводческой бригады № 4 ТОО «Партизанское-1». Надежным тылом Айдарбека Балташевича является его семья: супруга Айнакуль Файзулловна, которая также работает в ТОО «Партизанское-1» бухгалтером и двое детей. Подрастает на радость маленький внук.

В рамках празднования Дня работников сельского хозяйства Айдарбек Алпысбаев был награжден в номинации «Человек Труда» и получил награду из рук акима области Марата Ахметжанова.

**А. АМАНЖОЛОВА.**



# Ұлттық спорт – ұлт келбеті

Ұлтты ұлт ретінде танытатын, даралайтын оның өзіне тән құндылықтары. Ал, ол құнылықтарынан қол үзіп қалған ұлт біреудің қаңсығын таңсық қылып, ақыры жойылып тынары тарихтан белгілі. Ұлттық құдылықтарымыздың ажырамас бір бөлігі ұлттық спортта жатыр. Ауданымызда соңғы жылдары көкпар спорты жақсы дамып келеді. Десе де үлкен қолдауды қажет ететіні жасырын емес. Осы орайда аудандық Мәдениет үйінде ауданымыздың көкпаршы жігіттері, ұлттық спорт жанашырлары бас қосты. Оған аудандық мәслихат төрағасы Нұрбек Балтабекұлы Сексенов, Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Серік Төлетайұлы Шортаев қатысты. Кездесуге Жаңаталап ауылынан Бүркітбай ағамыз және Партизанка ауылының көкпаршы жігіттері арнайы келді. Бүркітбай ағамыз өмірін ұлттық спортқа арнаған азамат. Кезінде өзі көкпар ойнаса, қазір көкпар аттарын ұстап, Жаңаталап ауылының командасын жабдықтап отыр. Көкпарға байланысты көкейді тескен сұрақ болса бәрі осы Бүркітбай ағаның ақылына жүгініп жатады.

Мәслихат төрағасы Нұрбек Балтабекұлы көкпаршы жігіттердің ұсыныстарын тыңдап, қолбайлап отырған мәселелермен танысты. Қазіргі таңда тек көкпар үшін ат ұстау қиындық тудырады. Ала жаздай оның жем, шөбінің өзі қалтаңды қағып тынады. Өйткені, көкпарға мінер атты жылқыға жібере салуға келмейді. Көкпар аты үнемі дайындық үстінде, жілік майы толып, бапталған, жараған күйде тұруы керек, ол үшін әрине үйде, қолда ұстауға тура келеді. Осы және көптеген сұрақтар кездесу барысында талқыланып, ойлар ортаға салынды.

Қазақтың қай ұлттық спортын алсақ та өзіндік тәрбиелік мәні жатыр. Белгілі жазушы, этнограф Бекен Қайратұлы ұлттық спорт түрлеріне былайша талдау жасайды:

«Қай заманда болсын дайындығы күшті, шеберлігі мықты сарбаздар шайқаста жеңіске жетеді. Сол себепті, байырғы көшпенді бабаларымыз бейбіт күннің өзінде сарбаздардың жауынгерлік даярлығын жетілдіріп отырған. Яғни, шайқас кезінде жауынгер қолданатын әдіс-тәсілді бейбіт күндері ұлттық ойын ретінде үздіксіз дамытқан. Әрі қомақты бәйге тігіп, жауынгерлерді ынталандырған.

Мысалы, көкпарды алайық. Бұл жауынгердің ат үстіндегі ептілігі мен тақымын шынықтыратын жаттығу. Шайқас кезінде жолдасың жараланып аттан ауып барады... Оның денесін жерге түсірмей іліп алып құтқару керек. Немесе жау сарбазының тақымға басқан жарағын тартып алу қажет. Осындай жағдайда көкпар тартып шыныққан жауынгер қиналмай-ақ жеңіске жетеді.

Аударыспақ ше?! Дала сарбазы үшін жауды ат үстінен аударып тастап, астындағы тұлпарын олжалау немесе қиын-қыстау сәтте қарсыласқан жауға найзасын тіреп, ердің үстінен аудару сияқты жауынгерлік жаттығуды жетілдіретін тәсіл.



Теңге ілудің де ілкідегі маңызы осы тектес. Мысалы, шайқас кезінде қорамсақтағы оғыңыз таусылды. Жау ентелеп келе жатыр. Қайтесіз, атпен шауып өтіп, жерде шашылып жатқан жебелерді теріп аласыз немесе жаудың қолынан сусып түсіп кеткен қанжар-қылышын лып еткізіп іліп алып өзіне жұмсайсыз. Мұндай жауынгерлік әдіс-тәсілді жетілдіріп отыру үшін қазақ «теңге ілуді» ойлап тапқан.

Садақ ату да жауынгерлік жаттығу. Бейбіт күні садақты көп атқан сарбаздың мергендігі жетіледі, жебе тартудың машығын үйренеді. Өзінің нысанаға дәл тигізетін қашықтығын анықтап алады. Көшпенділердің аса бір қадірлейтін адамы осы – мергендер. Қазақтың батырлық дастандары мен эпостық жырларында асқан мергенге хан қызын бергені жайлы дерек жеткілікті. Мысалы, Қобыланды батыр жырында Көктем аймақ деген хан ай астына алтын жамбы құрып, оны атып түсірген адамға қызымды беремін деп жар салады. Жамбыны Қобыланды батыр атып түсіріп, Құртқа сұлуды алып қайтады.

Ал ұлттық өнер дегеніміз – ол жоғарыда айтып өткен жауынгерлік жаттығудың басқаша қыры. Қазіргі таңда қазақтың атбегілік, құсбегілік, саятшылық өнерін спортқа жатқызып жүрміз. Бұл спорт ойындарына қарағанда интелектуалдық сипаты басым көшпенділердің ақыл-ой еңбегінің тұрмыстағы жемісі. Бұл жерде халықтың байырғы генетикалық жадысы жатыр десе де болады».

Ауданымыздағы тамырына қан жүгіріп, еңсесін енді көтерген ұлттық спортқа бір сөзбен айтқанда үлкен қолдау керек. Ұлттық спортты қолдағанымыз – ұлтты қолдағанымыз.

**Ж. ЗАНДЫБАЙ.**

# Қазақ күресінің айбыны асқақ

Сандықтау ауданында қазақ күресінен Социалистік Еңбек ері Н.Малғаждаровты еске алуға арналған облыстық турнир өтті. 2008 жылы дүниеге келген және одан кіші жасөспірімдер арасында өткен жарысқа жерлестеріміз де қатысып, бақ сынады. Аудан намысын арқалаған жас балуандарымыз арасында Тимур Вольский 1-орын, Қадір Оңдасын 2-орын, Нұртілек Ақболат, Ислам Қадырбай, Ерқанат Бақытжан және Нұрислам Бағылбековтар 3-орындардан көрінді. Ал, ең жас балуандарымыз Ескендір Ионов, Алтайыр Аскер және Арлан Қадырбай өздерінің алғашқы жарыстарын өткізді.



Халқымызбен бірге жасап келе жатқан төл спортымыздың тамырына қан жүгіріп келеді. Сәл кейін шегінсек ел басына күн туған қиын-қыстау жылдары тоқырауға ұшырап тоз-тозы шыққан ұлттық құндылықтарымыздың ішінде осы қазақ күресі де бар еді. Егемендік алғалы бері жоғымыз түгенделіп, өткеніміз сараланып ұлттық құндылықтарымыз қанатын кеңге жайып келеді. Ал, өткенге көз жүгіртсек, сайын даламыздың төрінде Иманжүсіп, Балуан Шолақ, Қажымұқандар салтанат құрған кезде қазақ күресінің шырқау биігіне көтерілген кезі еді. Оған дәлел Қажымұқанның дүние жүзінің ең мықты деген балуандарынан асып түсіп, «Мұсылман әлемінің бас балуаны» атануы. Балуан Шолақтың танымал орыс балуаны Иван Кореньнің қабырғасын сындырғаны бізге тарихтан белгілі. Оны Баукеңнің өзі:

«...Кешегі сентябрьдің базарында,
Көтердім елу бір пұт кірдің тасын.
Қалтамнан жетпіс бес сом залог салып,
Сындырдым Карон балуан қабырғасын.
Жиылған орыс-қазақ таң қалысты,
Болды деп қаһарманнан мынау басым»-деп өлеңіне қосады.

Қазақ күресінің тереңге бойлаған тарихын тарқататын болсақ сонау Ғұндардың ғұрпынан, Сақтардың салтынан бірақ шығады. Мәселен, Сақтардың салты бойынша үйленетін жігіт алдымен болашақ қалыңдығымен күресетін болған. Жеңсе өмірлік жары етіп алған, ал жеңілсе өмір бойы сол қызға құл болып, қызмет еткен көрінеді. Бұл да сол кездері күрестің, жауынгерлік өнердің ер адам үшін қаншалықты маңызды болғанын көрсетсе керек.

Ережесі ерекше, әдіс-тәсілі өзгеше қазақ күресінің болашағы жарқын. Қазіргі жастардың көптеп қызығушылық танытуы мұның айғағы болар.

**З. ЖАЙНАРБЕК.**

# Тіл – ең асыл құндылық

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Қазақ тілі – менің ана тілім. Әрбір мекеме басшылары қазақ тілін білуді міндеттесе, тіліміздің мәртебесі асқақтар еді. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Қазақ тілінде сөйлеу мақтаныш болуы үшін қоғамда оған деген қажеттілікті арттырған жөн. Мемлекеттік қызметке, оның ішінде, халықпен тығыз жұмыс істейтін лауазымға тағайындау кезінде кәсіби біліктілігіне қоса, қазақ тілін жақсы білетін азаматтарға басымдық беру керек». Қазақ тілі жайлы сөз қозғалғанда, істі алдымен өзімізден бастауымыз керек. Қазіргі таңда мемлекеттік тілді үйренем деушілерге барлық жағдай жасалған.Тіліміздің мәртебесін арттыру жолында ауданымыздың мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Тілдерді оқыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жұмыс жасайды. Мемлекеттік тілді үйретуде заманауи бағыттар мен креативті әдістерді қолдана отырып, тыңдаушыларымызға қазақ тілінің маңыздылығын ұғындырудамыз. Тілдерді оқыту орталығында мемлекеттік және ағылшын тілін оқи аласыз. Сонымен қатар қазақ халқының бай тарихы мен салт-дәстүрімен де танысасыз. Қазіргі таңда орталықта мемлекеттік тілде 86 тыңдаушы білім алып жатыр. Бастауыш, жалғастырушы және тереңдетілген топтар бар. Тіл үйренуге қызығушылығы басым тыңдаушыларымыз өте көп. Тілді үйренуде ең бастысы ниет пен қызығушылық екенін дәлелдеген тыңдаушыларымыз: Целоева Зарема Магомедовна, Бирюков Дмитрий Олегович, Масленникова Татьяна Николаевна, Кочеватова Ангелина Александровна, Лигостаева Кристина Николаевна. Сұрайтын адам, сөйлесетін орта, оқитын кітап – бәрі бар. Тек ниетіңіз бен ынтаңыз болса болғаны. Желтоқсан айында 27 тыңдаушымызға мемлекеттік, азаматтық қызметкерлерге арналған мемлекеттік тілді оқығаны жөнінде сертификат табысталады.Тілдерді оқыту орталығы мемлекеттік және ағылшын тілдерін оқыта отырып, қоғамдық іс-шараларға да белсене атсалысады.



Тіл – ұлттың ой-танымын жарыққа шығаратын құрал. Ендеше ұлтымыздың болашағы жарқын болғанын қаласақ, ана тілімізді қадірлейік. «Болашағын Отанымызбен байланыстыратын әрбір азамат қазақ тілін үйренуге ден қоюға тиіс.» Қасиетті қазақ тілінің мәртебесін көтеріп, оны дамыту – әр қазақстандықтың парызы. Мемлекеттік тіліміздің мәртебесін көтеруді сөзбен емес іспен көрсетер уақыт келді. Ең бастысы, оны жасауға талпынып, орындауға ниеттенсе болғаны.

**Д. ДӘУЛЕТИЯР, «Тілдерді оқыту орталығының» оқытушысы.**

# Тұрсынбек Кәкішевтің әлемі

Тұрсынбек Кәкішев тұтас болмысымен ұлт үшін жаралған дара тұлға еді. Ол кісімен 2006 жылы 9 маусымда Алматы қаласындағы ғалымдар үйінде өткен «Еліне ұран болған Ер Жәнібек» атты халықаралық конференциядан кейін жақыннан шүйіркелесіп кеттім. Ол жайында Т.Кәкішев кейіннен «Қоян жылғы Саяхат» естелігінде: «Осыдан 5-6 жыл бұрын Керей Ер Жәнібек атындағы халықаралық қор құрылып, жұмысқа кірісті. Оған тікелей араласым бар. Қазір жұрттың бәрі ата-бабасын, ру-тайпасын іздеп жатқанда бір-бірімен бастары оңайлықпен қосыла қоймайтын Керейлерді ұйымдастыру үшін Қытайдағы абақ керейден келген жігіттер, әсіресе Жәди Шәкен деген азамат Қазақстан ғылым академиясының ғалымдар үйінде ғылыми конференция өткізді. «Бардым» деп еске алады. Содан 2011 жылы шілдеде Астана қаласына көшкенге дейінгі аралықта көп бірге болдық. Онан кейінде ара-қатынасымыз үзілген жоқ. Әрине, бір адамды танып-білуге 5-6 жыл аздық етер, алайда, «жолдасыңды жолсапарда таны» дегендей көп реткі бірге жүріп бірге тұрған сапарластық арамызды жақындатып жіберген еді. Бастыларынан – 2007 жылы Тұрсынбек Кәкішев, Әзілхан Нұршайықов, пен Жәди Шәкенұлы – үш кісі маусымның басында бір апта ШҚО-да, Өскемен қаласында, Жарма ауданында болып қайтқан едік. Осыдан кейін де Ер Жәнібек бабамызға қатысты барлық іс-шараларда бірге болдық. Екінші рет 2010 жылы Тұрсынбек Кәкішұлы бастаған, Мақсұт Темірбаев, Темірхан Үндемесов, Жәди Шәкенұлы – төрт кісі Қытайдағы бауырлар арасында арнайы сапарда болып қайтқанбыз. Үшінші рет осы жылы (2010) 2 қарашада Тұрсынбек Кәкішев, Мақсұт Темірбаев, Мұхаметхан Омаров, Мұртаза Бұлұтай, Баянғали Әлімжан, Жәди Шәкенұлы Қызылордада өткен діни-ағартудың көрнекті тұлғасы Марал Ишанның 230 жылдығына арналған салтанатты іс-шараға қатыстық. Төртінші рет 2011 жылы 16-17 маусымда Тұрсынбек Кәкішев, Нұрқожа Ораз, Серік Тұрғынбеков, Жәди Шәкенұлы бастаған топ – ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ф.ғ.к, А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің Медиа орталығының директоры Ақылбек Шаяхметовтың 60 жастық мерей тойына барып қайтқан едік. Осылайша аға-бауыр ретінде жақындасып, жанасып қана жүрмей, әдебиетте де ұстаз бен шәкірт ретінде сыйласымды өттік. Түкең әдебиет жайындағы әр бір болымсыз нәрсеге үлкен назармен, ынтамен қарайтын. 2008 жылы менің «Бір уыс сәуле» атты кітабым «Жазушы» баспасынан жарық көрерде қолжазбамды ерінбей-жалықбай оқып, алғысөз жазып еді. Алғысөздің тақырыбын да «Даңғылыңнан жаңылыспа» деп айғайлатып, ақ батадай қойғаны бар. Жылдар уысымызда тұрмады. Бәрі де сырғып өте шықты. Енді артыма қайрыла қарасам, Тұрсынбек атты кесек тұлға, қайталанбас бейненің, алатаудай абыздың бауырында талай тәтті күнім өткен екен.

***Мағжанды еске алып жылауы***

Өмірдің бұралаң күндерінде ақылдан тарыққан немесе әлде біреулерге өкпелі болған шағымда бірден Тұрсекеңе тартатын дағды қалыптастыра бастағанмын. Қашан есігін қақсаң «келме» демейді. Құшақ жая қарсы алады. Сені тыңдайды. Арасында «так» деп қояды. Қалай жуасытуды да жақсы біледі. Күләш жеңгеміз де үлкен басын кішірейтіп дастарқанға жүгіреді. Дастарқаннан тұрған соң ағамыз көңілі қалаған кісісін мамырлай басып кітапханасына бастайды. Сондай күндердің бірінде Түкең әдетінше оң қолының сыртымен көздерін сықырлата уқалап, сығырайған көздерін үлкен ашып қолына Мағжанның жыр жинағын ұстады. Кітап оқығандағы әдеті – кітаптың ұнаған, ұнамаған жерін сызып, қаламмен белгілер салып отырады.

– Қарашы, мынаны. Мағжанды. Қайран есіл ерлер-ай. Мына бір өлеңін оқып берейін. Тыңда! Түркисип темір жолы тартылғанда жазғаны. Осыны айтқан Тұрсекең Мағжанның әлгі өлеңін оқи жөнелді. Өлеңнің аяғына жетпей солқылдап жылай бастады.

– Қайран ерлер-ай…….халқын қалай сүйіп өткен! Еңкілдей жылап өлеңнің соңына да жетті. Оң қолының сыртымен көзін тағы да сықырлата уқалады. – Қазақтың нағыз жанашырлары осылай болған, қазақ жеріне күн сайын сұғына кірген орыс отаршылдығына қарсы айтып отырғаны ғой. Қазір қалаймыз! – алақанын жайып көз жасын құрғатты.

**Ж. ШӘКЕНҰЛЫ.**

# АУДАН ТЫНЫСЫ - ПУЛЬС РАЙОНА

Ко Дню работников органов прокуратуры

## Честность, принципиальность и профессионализм – в основе миссии

6 декабря 1991 года было принято постановление «Об образовании единой системы органов прокуратуры Казахской ССР, обеспечении их самостоятельности и независимости». В честь этого дня в календаре появился новый праздник - День прокуратуры, который отмечается в шестой день декабря.

Государственная прокуратура Казахстана начала работать в составе Народного комиссариата юстиции с 1922 года. В 1933 году полномочия прокуратуры были расширены: при Наркомюсте было образовано управление прокуратуры, ставшее относительно самостоятельным.

Важный этап развития прокуратуры начался в 1936 году, когда новая Конституция СССР дала Казахстану права суверенной Союзной Республики. С этого момента государственная прокуратура начала работать как самостоятельная структура правоохранительных органов. В ноябре 1937 года был издан приказ о разделении Наркомата юстиции и прокуратуры, которая стала подчиняться непосредственно прокурору СССР.

Случались в истории казахстанской прокуратуры и тяжелые времена. За один только 1937 год из этой структуры было необоснованно уволено более 40 работников, некоторые из них были арестованы и осуждены.

В годы Великой Отечественной войны многие следователи и прокуроры внесли вклад в дело защиты страны. Только за первый год войны 411 из 885 сотрудников прокуратуры Казахстана ушли на фронт.

После того, как Казахстан стал независимым государством, структура и функции прокуратуры отчасти изменились, однако главным направлением ее деятельности остался контроль за соблюдением законов страны.

В настоящее время прокурорским надзором охвачены практически все важнейшие стороны жизни общества, а основным содержанием деятельности являются эффективная правозащитная миссия и верховенство закона. Усилия прокуроров сосредоточены на самых значимых направлениях укрепления социально-политической стабильности в обществе, защиты трудовых и экономических прав граждан. Каждое поколение прокурорских работников привносит свою лепту в историю становления надзорных органов, преумножая и обогащая ее, подтверждая свой профессионализм и преданность избранной профессии.

Координирующая роль прокуратуры в борьбе с преступностью и коррупцией подчеркивает особый ее правовой статус и ведущую роль. Прокуратура, прежде всего, - правозащитный, а не карающий орган. Одной из основных задач органов прокуратуры является защита прав и свобод граждан.

Прокуратура прилагает активные усилия по выработке и реализации комплексных совместных мер как со стороны правоохранительных структур, так и других органов исполнительной и законодательной власти, иных социальных институтов с целью закрепления сложившейся тенденции сокращения уровня преступности, ее профилактики, недопущения незаконного привлечения граждан к уголовной ответственности, обеспечения неотвратимости наказания за совершенные преступления.

Одним из основных направлений деятельности органов прокуратуры является работа с обращениями, посредством которой прокуроры оперативно устраняют нарушенные права и свободы граждан, субъектов хозяйствования и организаций.

Честность, принципиальность и профессионализм - неотъемлемое требование, предъявляемое к каждому работнику органов прокуратуры. Именно эти качества объединяют все поколения прокуроров, посвятивших свою жизнь служению законности.




Поздравляем работников районной прокуратуры и ветеранов сферы с профессиональным праздником и от всего сердца желаем здоровья, благополучия и дальнейших успехов в работе, успешно стоять на страже справедливости и законности, профессионально решать самые сложные профессиональные задачи!

**А. АМАНЖОЛОВА.**

## Патриотизм начинается с каждого из нас

Сильное и крепкое государство немыслимо без надежной профессиональной армии.

Патриотизм не является врожденным. Он закладывается в семье, в школе, на производстве, в армии, в обществе и призван воспитывать любовь к Родине, верность боевым и трудовым традициям народа, ответственность за укрепление обороноспособности страны. Великий греческий философ Аристотель говорил, что мужество – это добродетель, в силу которой люди в опасностях совершают прекрасные дела.

Будущее невозможно без осмысления прошлого и настоящего, а патриотизм невозможен без изучения истории – его несомненного источника и вершителя. Сегодня подрастающему поколению есть на кого равняться. Это наши славные батыры, в разные периоды отечественной истории, показавшие достойные примеры храбрости и отваги. Это старшее поколение отважных и мужественных ветеранов, которые воевали на фронтах Великой Отечественной войны, а затем восстанавливали народное хозяйство. Это воины-афганцы и участники локальных конфликтов, участники ликвидации Чернобыльской аварии, которые по примеру отцов-фронтовиков мужественно исполнили свой воинский долг и преданность воинской присяге. И одна категория этих мужественных людей проживает в нашем районе – ветераны боевых действия на Таджикско-Афганской границе в период 1992-2001 годы по Буландынскому району. Их не так много, но они как




одна сплоченная команда. Однополчанин – это и друг, и боевой товарищ, и наставник, и надежное плечо. Работу ветеранского движения ведет младший сержант Талгат Оразбаев, который работает главным инспектором аппарата акима района по ГО и ЧС. Каждый год, в памятную дату – 8 февраля – сослуживцы собираются вместе и возлагают цветы к памятнику в Сквере памяти. Они принимают участие в районных мероприятиях, работают в разных сферах, но всегда стараются вести активную воспитательную работу среди молодежи. Ведь когда-то, совсем молодыми, они оказались в зоне опасности, но, несмотря на возраст, с честью выполнили свой гражданский и воинский долг.

Недавно ветераны боевых действий сделали одно хорошее дело – установили стенд с фотографиями, эмблемой военных действий и кадрами из мест служб в Объединенном отделе по делам обороны Буландынского района и района Біржан сал. Главная цель установки красочного стенда – военно-патриотическое воспитание молодежи на примере боевых достижений старшего поколения. Ведь известно, что в военкомат приходит много молодежи призывного возраста, поэтому очень важно пропагандировать воинскую службу среди будущих солдат. Доносить до них правильность исполнения воинского долга перед Родиной, в стенах школы говорить о том, что армия – настоящая школа жизни и курс молодого бойца. А защита Родины является священным долгом и обязанностью каждого гражданина страны.

Выражаем благодарность ветеранам боевых действий на Таджикско-Афганской границе за вклад в дело патриотического воспитания подрастающего поколения, пропаганду армейских ценностей и формирование гражданской ответственности юных защитников Отечества.

**А. АМАНЖОЛОВА.**

## Қазақ тілін үйренуге арналған ресурстар

«Tilalemi.kz» - тіл саясатын жүзеге асыру саласындағы жаңалықтар, лингвист ғалымдардың мақалалары, республикалық конкурстардың, іс-шаралардың ережелері және тағы басқа көптеген қажетті мәліметтер орналастырылған портал. Сонымен қатар порталда кітаптар, мультимедиялық бағдарламалар, сөздіктер мен журналдар орналастырылған.

«Abai.institute» - қазақ тілін Қазақстанда және шетелде оқыту және ілгерілету бағдарламасы шеңберінде әзірленген веб-портал. Портал 7 тілде (қазақ, ағылшын, неміс, француз, орыс, түрік, парсы) ұсынылған және Android, iOS платформалары арқылы жүктеуге қолжетімді.




«Tilqural.kz» - қазақ тілін кезең кезеңмен оқуға арналған веб-сервис. «Tilqural.kz» ересектерге қазақ тілін A1, A2, B1, B2, C1 деңгейлерінде үйренуге мүмкіндік береді. Тіркелгеннен кейін пайдаланушы қазақ тілін меңгеру деңгейін анықтау үшін тестілеуден өтеді. Тестілеу нәтижелері бойынша жүйе оқу курсын ұсынады.

Сайт тіл оқушының сөздік қорын толықтыруға, жаңа сөздердің мағынасын түсінуге және оларды күнделікті өмірде қолдануға, еркін оқуға, өз ойын ауызша да, жазбаша да жеткізуге, сөздерді дұрыс дыбыстауға, сөйлемдерді сауатты құрастыруға мүмкіндік береді. Пайдаланушы жеке кабинетінде орындаған сабақтарының статистикасын көре алады. Сервис Android, iOS платформалары арқылы жүктеуге қолжетімді.

«Tilmedia.kz» үштілді сайты қызықты және тиімді тәсілдер арқылы орыс және ағылшын тілді азаматтарға қазақ тілін үйренуге мүмкіндік береді. Тілдерді оқыту әдістемесі аудио және бейне мазмұнға негізделген. Сайтта латын және араб графикасы қарастырылған.

«Balatili.kz» сайты үш жастан асқан балаларға, сонымен қатар бала тәрбиесі мен оқытуды жүзеге асырушы тәрбиешілер мен мұғалімдерге, ата-аналарға арналады.

Сайтта баланың өзіндік жұмысына арналған жұмыс парақтары, ұстаздар мен тәрбиешілерге, ата-аналарға әдістеме парақтары ұсынылған. Грамматика мен орфографияны үйренуге арналған материалдар, соның ішінде интерактивті әліпби мен ойындар, жас ерекшеліктеріне сәйкес аудиодиктанттар, каллиграфиялық дағдыларды дамытуға арналған тапсырмалар бар.

**«Бұланды ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ.**

## Алдын алу және болдырмау

Макинск қаласының мектеп-лицейінің мәжіліс залында «Құқықтық тәртіп» жедел-профилактикалық іс-шарасы барысында жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді. Бұланды ауданы полиция бөлімі басшысының бірінші орынбасары, полиция полковнигі С. К. Нұржанов, ювеналды полиция бөлімшесінің аға инспекторы, полиция майоры А. В. Дятлов «Құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында ақапарт берді. Орталық аудандық ауруханасының нарколог-дәрігері А. Ф. Мотрошилов есірткі, алкоголь және электронды темекінің зияны туралы дәріс оқыды. «Зорлық-зомбылыққа қарсы белсенділіктің 16 күні « Республикалық акциясы аясында әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі тобының инспекторы, полиция аға лейтенанты И. М. Алпысбаева ақпарат етті.

**Аудандық полиция бөлімі.**

## Профилактика и предупреждение

В школе-лицей г. Макинска в ходе оперативно-профилактического мероприятия «Правопорядок» проведено общеродительское собрание. На данном собрании выступили первый заместитель начальника отдела полиции района, полковник полиции С. К. Нуржанов, старший инспектор отделения ювенальной полиции, майор полиции А. В. Дятлов на тему «Профилактика правонарушений». Также были затронуты темы интернет-мошенничества с разъяснением мер предупреждении. Врач-нарколог районной больницы А. Ф. Мотрошилов выступил с лекцией о вреде наркотических средств, алкоголя и электронных сигарет. В рамках проводимой республиканской акции «16 дней против насилия» с информацией выступила инспектор группы по защите женщин от насилия, старший лейтенант полиции И. М. Алпысбаева.

**Районный отдел полиции.**

# ӨЗЕКТІ ТАҚЫРЫПТАР - АКТУАЛЬНЫЕ ТЕМЫ

«16 дней без насилия»

## Насилию – не быть!

Слово «насилие» мы часто слышим с экранов телевизоров, в печатных средствах массовой информации, на новостных и информационных порталах, со страниц в социальных сетях. Буквально недавно большой общественный резонанс получила трагическая смерть Салтанат Нукеновой, которая стала жертвой домашнего насилия и умерла от рук собственного мужа. Ей был всего 31 год. Вся страна с замиранием сердца со всевозможных источников получала информацию об этой страшной трагедии, а общественники из числа ведущих спортсменов, деятелей культуры, политики и других сфер, вскоре после громкого убийства, запустили общественную акцию по недопущению фактов насилия в обществе. Согласитесь, насилию подвергаются те, кто физически слаб: дети, женщины, люди с ограниченными возможностями. Большинство женщин годами терпят домашнее насилие, пытаясь «не выносить сор из избы», в надежде сохранить брак и воспитывать детей в полноценной семье. Многие из них погибают, так и противостояв тирании в своем собственном доме. А какой жестокости подвергаются животные, которые вообще не имеют никаких способов защититься. Почему общество стало таким жестоким? Почему человеческая жизнь стала такой бесценной? Почему человеку так легко ударить, убить? Наверное, большую воспитательную и профилактическую работу надо проводить в семьях, прививать в ребенке чувства нравственности, формировать любовь и хорошее отношение к ближним, к тем, кто слабее и беззащитнее, объяснять, что можно совершать, а что нет. И ни в коем случае не подавать плохой пример. Ведь ребенок, который всегда видел жестокость, может проявить ее во взрослом возрасте. Так или иначе, людям необходимо быть терпимее, гуманнее и добрее. Ведь не зря говорят, что изо всех сил надо стараться очищать себя от зла к людям, ибо накапливая его в себе, накапливаешь яд, который рано или поздно убьет в тебе человека.



С 25 ноября по 10 декабря в стране стартовала Республиканская акция «16 дней без насилия в отношении женщин».

Мероприятие проводится в целях профилактики и пресечения бытового насилия, повышения уровня доверия к органам полиции, укрепления роли семьи в обществе.

Основной целью проведения мероприятия является информирование жителей о принимаемых мерах по профилактике и предупреждению насилия в отношении женщин, охрану материнства и детства, укрепление роли семьи в обществе.

В рамках мероприятия повсеместно проводится проверка по месту жительства лиц, состоящих на профилактическом учете в полиции, выявление и постановка на учет лиц, допускающих правонарушения в сфере семейно-бытовых отношений, злоупотребляющих алкогольными напитками, а также недопущение с их стороны преступлений в сфере быта.

Данная акция проводится с привлечением представителей заинтересованных государственных органов, неправительственных организаций, общественности и средств массовой информации.

Не допустим насилие и жестокость в обществе!

**А. АМАНЖОЛОВА, член районной комиссии по делам женщин и семейно-демографической политике, член районного Совета матерей.**

## Берегите елочку- каждую иголочку!



Лесистость Бурабая самая высокая в Северном Казахстане – 13% площади района. Здесь сосредоточены наиболее ценные в ландшафтном и рекреационном отношении леса.

Государственный национальный природный парк «Бурабай» главной своей целью ставит сохранение и восстановление лесных ресурсов Бурабая и все усилия направляет на достижение данной цели.

Скоро Новый год, и уже сегодня в преддверии этого праздника мы строим планы, как мы его будем встречать. Вопрос, ставить елку или нет, у наших граждан не возникает, встречать Новый год с душистой елкой или пушистой сосной это Традиция!!!

Ель - бесспорно прекрасное украшение новогоднего праздника, но очень недолговечное, десятки тысяч стволов хвойных пород ели или сосны идут под сруб в канун нового года и уже через пару недель оказываются в мусорных баках или на свалках.

Чтобы вырастить елку или сосну до полутора-двух метров высотой необходимо не менее 10-15 лет, пройдет 100-120 лет, прежде чем хвойный лес будет способен к самовоспроизведению;

- 1 гектар хорошо работающего леса выделяет 30тонн кислорода;

- 1 гектар леса за час поглощает такое количество углекислого газа, которое за это же время выдыхают 200 человек.

Подумайте, ради чего мы лишаем корней лесные деревья!!! Помните согласно статье 381-1 КОАП РК (незаконная порубка, уничтожение или повреждение деревьев и кустарников, входящих в лесной фонд, с причинением ущерба) предусмотрено наказание в виде штрафа и возмещения ущерба.

Уважаемые граждане!

Приближается Новый год! Мы призываем вас не ставить в своих домах натуральные ели и сосны. Вы можете заменить их на искусственные, которые будут вас радовать в течение многих лет.

**С. ЛЕТЯГИНА, инспектор Приозерного лесничества ГУ ГНПП «Бурабай» УДП РК.**

## ЕСП с 2024 года принимать не будут – Как самозанятому стать участником ОСМС и не переплатить?

Чтобы в полной мере получать медицинскую помощь, такие граждане должны самостоятельно вносить платеж в систему. Сделать это можно двумя способами. Первый - оплата 5% от размера минимальной заработной платы за 12 месяцев. Причем можно ускорить процесс получения статуса, если внести единовременный платеж за 12 месяцев.

В следующем году ожидается увеличение минимальной заработной платы до 80 000 тенге, соответственно размер взноса будет составлять 4000 тенге, вместо действующих сейчас 3500 тенге; Однако следует учитывать: если вы оплачиваете взносы за год вперед, сумма определяется текущим месяцем. То есть, если оплатить страховку в текущем году, то общий платеж составит 42 000 тенге за 12 месяцев. Начиная с января 2024 года, размер взносов будет увеличиваться и годовая сумма будет составлять 48 000 тенге.

Кроме того, стать участником системы ОСМС возможно посредством, так называемого, единого совокупного платежа. Его размер составляет 1 МРП для горожан и 0,5 МРП для сельчан. Нужно отметить, что ЕСП ввели в 2019 году на 5 лет. С начала 2024 года данного вида платежа не будет.

Чтобы не потерять статус застрахованного в 2024 году, граждане могут зарегистрироваться в качестве ИП и платить 5% от одной четверти МЗП, или самостоятельно оплачивать взнос размером 5% МЗП.

Также хочу обратиться к поступившим в этом году в ВУЗы студентам, чтобы они самостоятельно проверили статус в системе ОСМС, потому что есть фактор несвоевременного внесения сведения в национальную образовательную базу данных (НОБД). И если статус отсутствует, нужно обратиться к администрации учебного заведения.

**А. ШАНБАЕВА, руководитель отдела по оперативной отчетности (КДУ, ОМР, цифровизация) Буландынской районной больницы.**

## Құрметті ауданын тұрғындары!

Отрадный орман шаруашылығы мекемесінің әкімшілігі Сіздерді жаңа жыл қарсаңында заңсыз кескен бір қылқан жапырақты ағаш үшін «Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзудан келтірген залалдың мөлшерін есептеуге арналған базалық ставкаларды бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 31 мамырдағы №441 Қаулысына сәйкес 15 АЕК мөлшерінде нақты 51750 теңге айыппұл салынуымен әкімшілік жауапкершілікке тартылатынын ескертеміз.

**А. НАУРЗБЕКОВ, Отрадный ОШМ бас орманшысы.**

* * *

## Уважаемые жители района!

Администрация Отрадненского учреждения лесного хозяйства предупреждает Вас, что за одну незаконно срубленную хвойную породу в предновогодний период нарушитель будет привлечен к административной ответственности с наложением штрафа в размере 15 МРП т.е. 51750 тенге, согласно постановлению Правительства РК от 31.05.2007 г. № 441 «Об утверждении базовых ставок для исчисления размеров вреда, причиненного нарушением лесного законодательства Республики Казахстан.

**А. НАУРЗБЕКОВ, главный лесничий Отрадненского УЛХ.**

## Ақталған адамға куәлік беру қағидалары

Ақталған адамға куәлік беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Жаппай саяси қуғын-сүргінгер құрбандарын ақтау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 18 және 24-баптарына сәйкес және «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1-тармақшасына сәйкес әзірленді және ақталған адамға куәлік беру тәртібін айқындайды.

Ақталған адамға куәлік беру туралы өтінішті саяси қуғын-сүргінге ұшырап, ақталған адам өзі не өкілі арқылы (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) Ақталған адамға куәлік беру Қағидаларға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қоса бере отырып «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ жүгенеді.

Куәлікті (куәліктің телнұсқасын) беру 5 жұмыс күні ішінде жүргізіледі. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ жүгінген кезде құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін мынадай құжаттар қажет:

1) жеке куәлік немесе цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);

2) ақтау туралы анықтама не сот үйғарымының (қаулысының) көшірмесі;

3) өкілі арқылы жүгінген жағдайда – оның өкілеттіктерін растайтын нотариат куәландырған құжат. Салыстырып тексеру үшін құжаттардың түпнұсқалары ұсынылады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары қайтарылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі жеке басын куәландыратын құжатты немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжатты көрсеткен кезде мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес беріледі.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодекстің91-бабының 1-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасауға құқылы.

Көрсетілетін қызметті беруші мынадай:

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, деректердің және мәліметтердің осы Стандарттың 8-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі негіздері бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.

**«Бұланды аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ.**

## Правила выдачи удостоверения реабилитированному лицу

Правила выдачи удостоверения реабилитированному лицу (далее – Правила) разработаны в соответствии со статьями 18 и 24 Закона Республики Казахстан «О реабилитации жертв массовых политических репрессий», с подпунктом 1 статьи 10 Закона Республики Казахстан «О государственных услугах» и определяют порядок выдачи удостоверения реабилитированному лицу

Согласно Правилам заявление о выдаче удостоверения реабилитированному лицу подается реабилитированным лицом, подвергшимся политическим репрессиям, лично либо через представителя (далее – услугополучатель) в НАО «Государственная корпорация «Правительство для граждан», по форме согласно приложению 1к Правилам.

Выдача удостоверения (дубликата удостоверения) производится в течение 5 рабочих дней. При обращении в НАО «Государственная корпорация «Правительство для граждан», день приема документов не входит в срок оказания государственной услуги.

Документы, необходимые для оказания государственной услуги:

1) удостоверение личности либо электронный документ из сервиса цифровых документов (для идентификации);

2) справка о реабилитации либо копия определения (постановления) суда;

3) в случае обращения через представителя – нотариально заверенный документ, подтверждающий его полномочия. Документы представляются в подлинниках для сверки, после чего документы возвращаются.

Результат оказания государственной услуги выдается в соответствии со стандартом государственной услуги при предъявлении документа, удостоверяющего личность либо электронного документа из сервиса цифровых документов.

Услугополучатель вправе обжаловать решение, действие (бездействие) услугодателя, должностного лица в соответствии с пунктом 1 статьи 91Административно процедурно-процессуальногокодексо-РеспубликиКазахстан.

Основания для отказа в оказании государственной услуги:

1) установление недостоверности документов, представленных услугополучателем для получения государственной услуги, и (или) данных (сведений), содержащихся в них;

2) несоответствие услугополучателя и (или) представленных материалов, данных и сведений, необходимых для оказания государственной услуги.

**ГУ «Отдел занятости и социальных программ Буландынского района».**

## Призываем беречь нашу природу

В КГУ «Отрадненское учреждение лесного хозяйства» (далее Отрадненское УЛХ) площадь лесных культур составляет 9167 га. Государственной лесной охраной Отрадненского УЛХ с 1 декабря 2023 года установлены посты возле села Вознесенка, Алтынды и г.Макинск с круглосуточным дежурством, а также по четырем лесничествам организованы 10 мобильных групп для потрулирования лесных моссивов и охраны молодняков хвойных пород от расхитителей.

Обращаясь к населению Буландынского района, просим не омрачать предновогоднее настроение из-за 2-3 дней праздника, не рубите живое дерево, которое борется за жизнь 10-15 лет.

За одну незаконно срубленную елку нарушитель будет привлечен к административной ответственности с наложением штрафа в размере 15 МРП т.е. 51750 тг., согласно постановления Правительства РК от 31.05.2007 г. № 441 «Об утверждении базовых ставок для исчисления размеров вреда, причиненного нарушением лесного законодательства Республики Казахстан».

Дорогие жители Буландынского района, администрация Отрадненского УЛХ призывает Вас беречь нашу драгоценную природу и поздравляет Вас с наступающим Новым 2024 годом! Желаем крепкого здоровья, счастья и семейного благополучия.

**Т. КАЛАМИН, главный инженер охраны леса Отрадненского УЛХ.**

# ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ

## БЖЗҚ туралы өзекті сауалдар

***1. Мен салымшыларға зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы хабарлау тәсілдері туралы білгім келеді. Салымшы БЖЗҚ-ға телефон нөмірінің немесе тұрғылықты мекенжайының өзгергені туралы хабарлауға міндетті ме?***

Қазір зейнетақы жинақтары туралы ақпараттандырудың ең жедел тәсілі – enpf.kz сайтындағы Жеке кабинет немесе БЖЗҚ ұялы қосымшасы арқылы интернет-ақпарат алу. Егер бұрын салымшы өзінің жинақтары туралы ақпаратты пошта байланысы және (немесе) электрондық пошта арқылы алған болса, қазір бұл өзектілігі жоғалып бара жатқан әдістерден бас тартуға мүмкіндік бар. Ол үшін БЖЗҚ кеңсесіне барып, хабарлау тәсілін өзгерту (белгілеу) туралы келісімге қол қоюдың қажеті жоқ. БЖЗҚ сайтындағы немесе ұялы қосымшасындағы Жеке кабинетке кіру жеткілікті.

Оны қалай істеуге болатынын түсіндіріп өтейік:

БЖЗҚ сайтындағы және ұялы қосымшасындағы Жеке кабинетке кіру кезінде авторланғаннан кейін жүйе салымшының (алушының) «пошта байланысы қызметтері арқылы» және (немесе) «электрондық пошта арқылы» ақпарат алу бойынша белсенді тәсілдерінің бар-жоғын автоматты түрде тексереді.

